

«Әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу үшін мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарын айқындау туралы» Сарысу аудандық мәслихатының 2012 жылғы 26 қыркүйектегі № 9-5 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 2013 жылғы 29 наурыздағы № 13-6 шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 24 сәуірде № 1928 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 2014 жылғы 10 маусымдағы № 30-5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 10.06.2014 № 30-5 шешімімен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і :

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 Қаулысымен бекітілген «Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу» мемлекеттік қызмет Стандартының 6 тармағына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. «Әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу үшін мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарын айқындау туралы» Сарысу аудандық мәслихатының 2012 жылғы 26 қыркүйектегі № 9-5 шешіміне (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 1831 болып тіркелген, 2012 жылдың 24 қазандағы № 90-91 аудандық «Сарысу» газетінде жарияланған) келесі өзгерістер е н г і з і л с і н :

аталған шешіммен бекітілген қосымшадағы әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу үшін мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттары:

7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«7. I, II, III топтағы мүгедектер және 18 жасқа дейінгі бала жастан мүгедектігі б а р б а л а л а р » .

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың әлеуметтік-экономикалық аумағының дамуы, қаржы және бюджет, қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалану, әкімшілік-аумақтық бөліністі айқындау, кәсіпкерлік және ауылшаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Көкебаев Бахыт Керімбайұлына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
Н. Прекешов*

*Аудандық мәслихаты
хатшысы
Б. Дондаұлы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК